

Жол қоры туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2701 Заң күші бар жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1998.12.17. N 324 Заңымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ 1-бабына сәйкес осы ЖАРЛЫҚТЫ ШЫҒАРАМЫН:

1-бап. Жол қорының мақсаты

1. Қазақстан Республикасының аумағында жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары өздерінің маңызына қарай республикалық және жергілікті болып бөлінеді, Автомобиль жолдарын олардың маңызына қарай саралау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын, сондай-ақ ондағы ғимараттарды ұстау, жөндеу, қайта жаңарту және салуға байланысты шығындарды қаржыландыру арнаулы қор - Жол қоры есебінен жүзеге асырылады.

3. Жол қорының қаражаты республикалық, облыстық жол қорларына

және Алматы қаласының жол қорына есептеледі.

4. Жол қорының қаражаты нысаналы жұмсалады әрі оны өндіріп алуға немесе жалпы пайдалануға автомобиль жолдарын ұстау мен дамытуға қатысы жоқ мұқтаждарға жұмсауға болмайды. Республикалық жол қорының қаражатын пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстық жол қорлары мен Алматы қаласы жол қорының қаражатын пайдалану тәртібін - облыстардың және Алматы қаласының әкімдері айқындайды.

ЕСКЕРТУ. 1-бап өзгертілді - Қазақстан Республикасының 1998.06.08. N 231 Заңымен.

Z980231_

2-бап. Жол қорының құралу көздері

Жол қорын құраушы көздер мыналар болып табылады:

автомобиль жолдарын пайдаланушылар жасайтын аударымдар;

Қазақстан Республикасының аумағына келгені, кеткені және жүріп өткені үшін алынатын төлем;
бензиннен және дизель отынынан алынатын алым;
ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін алынатын төлем.

мыналарды қамтитын басқа да түсімдер:

сервис және жарнама объектілерін автомобиль жолдарының бұрылыс жиегіне орналастыру үшін төленетін ақы; рұқсат етілген салмақ пен көлемнен асатын ауыр салмақты және ірі көлемді көлік құралдарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы жүріп өткені үшін төленетін ақы; Қазақстан Республикасы аумағынан шетелдік жүк тасымалдаушылардың жүктер тасымалдағаны үшін төленетін ақы; автомобиль жолдары мен жол құрылыстарын пайдалану ережелерін бұзғаны үшін жол шаруашылығына келтірілген залалды өтеу есебіне өндіріп алынған қаражат. Басқа түсімдер құрамына енгізілген ақы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген ставкалар бойынша өндіріп алынады.

ЕСКЕРТУ. 2-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.06.08. N 231 Заңымен. Z980231_

3-бап. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударымдары

1. Заңды тұлғалар Жол қорына автомобиль жолдарын пайдаланушылардың қаржысын ай сайын аударып отыратын төлеушілер болып табылады.

2. Төлемдерді есептеу негізі жылдық жиынтық табыс болып табылады.

3. Автомобиль жолдарын пайдаланушылардың аударатын қаржысы қызмет түріне қарамастан заңды тұлғалардың жылдық жиынтық табысының (мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын кірісті қоспағанда) 0,1 процент ставкасы бойынша төленуге тиіс.

4. Осы баптың мақсаты үшін "жиынтық жылдық табыс" термині салық заңдарында белгіленген ұғымда қолданылады.

5. Автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударатын қаржы төлеуден мынадай заңды тұлғалар босатылады:

Қазақстан Республикасының мүгедектер ерікті қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, Қазақ мылқаулар қоғамы, Ақыл-ойы мен дене дамуында кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалту орталығы, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты ай және Қызыл Крест қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және толығымен олардың қаражаты есебінен құрылған өндірістік ұйымдар, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ Республикалық ұйымы (өндірістік ұйымдарсыз),

сауда-делдалдық қызметтен, акциздеуге жататын тауарларды өндіру мен сатудан алынған табыстардан басқалары, асырауында балалары бар мүгедек әйелдердің "Бибі-Ана" Республикалық қоғамы;

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

коммерциялық емес ұйымдар - кәсіпкерлік қызметті қоспағанда, жарғылық қызметтен;

тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін халықаралық ұйымдар;

қызметкерлерінің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын , тауарлар өндірумен (жұмыс орындаумен, қызмет көрсетумен) айналысатын өндірістік ұйымдар.

ЕСКЕРТУ. 3-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.06.08. N 231 Заңымен. Z980231_

4-бап. Қазақстан Республикасы аумағында келгені, кеткені және жүріп өткені үшін төлем

1. Қазақстан Республикасы аумағында келгені, кеткені және жүріп өткені үшін төлемді халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар төлейді.

2. Республиканың аумағында келгені, кеткені және жүріп өткені үшін төлемді есептеу тәртібі мен оның мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

5-бап. Бензиннен және дизель отынынан алынатын алым

1. Бензиннен және дизель отынынан алынатын алымды төлеушілер:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген бензин мен дизель отынын оларды өндірушілерден сатып алуды жүзеге асыратын;

бензин мен дизель отынын Қазақстан Республикасының аумағында өндіру үшін алыс-беріс шикізатын беретін;

бензин мен дизель отынын Қазақстан Республикасының аумағында

импорттайтын заңды және жеке тұлғалар болып табылады.

2. Бензин мен дизель отынынан алынатын алымдарды:

оларды сатып алушыларға босатқан кезде - өндіруші;

оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелген кезде кеден қызметінің органдары ұстап қалады.

3. Бензин мен дизель отыны алыс-беріс шикізатынан өндірілген кезде алым олардың берілу сәтінде ұсталады.

4. Бензин мен дизель отынынан алынатын алым теңгемен төленеді.
5. Алым ставкалары 1999 жылғы 1 қаңтардан бастап тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Заңмен белгіленеді.
6. Республикада өндірілетін және Республикаға әкелінетін бензин мен дизель отынынан алынатын алымның 1998 жылға арналған ставкаларын, оларды есептеудің және Жол қорына төлеудің тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

ЕСКЕРТУ. 5-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1998.06.08. N 231 Заңымен.

Z980231_

6-бап. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін төлем

1. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарында жүрген ретте көлік құралдарын жүргізушілер төлеуші болып табылады.

2. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін төлемнің ставкаларын, есептеу тәртібі мен шарттарын Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7-бап. Жол қорының қаражатын бөлу

1. Автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымының 50 проценті, Қазақстан Республикасының аумағына келгені, кеткені және жүріп өткені үшін төлем, бензин мен дизель отынынан алынатын алымның 100 проценті. Бензин мен дизель отынынан алынатын алымның 30 проценті республикалық Жол қорынан облыстық жол қорлары мен Алматы қаласының жол қорына міндетті түрде аударылуға тиіс.

2. Автомобиль жолдарын пайдаланушылар аударымының 50 проценті облыстық жол қорына аударылады.

3. Ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін төленетін ақы мен осы Жарлықтың 2-бабында аталған басқа да түсімдер автомобиль жолдарының маңыздылығына қарай республикалық немесе облыстық жол қорларына есептеледі.

4. Республикалық және облыстық жол қорларының қаражаттары Қазынашылық органдарының ағымдағы шоттарында жинақталады.

5. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдары желісінің даму деңгейін теңестіру үшін республикалық жол қорынан облыстық жол қорларына демеуқаржы бөлінуі мүмкін.

6. Алматы қаласының жол қорына бензин мен дизель отынынан алынатын алымдарды қоспағанда, Алматы қаласында заңда белгіленген тәртіппен тіркелген

төлеушілерден республикалық Жол қорына түсетін төлемдердің 50 проценті есептеледі.

7. Облыстық Мәслихаттар республикалық автомобиль жолдарын дамытуға қосымша қаражат бөле алады.

ЕСКЕРТУ. 7-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.06.08. N 231 Заңымен. Z980231_

8-бап. Жол қорларына төлеушілердің жауапкершілігі

1. Жол қорына төлемнің дұрыс есептелуі және уақыты төленуі үшін жауапкершілік төлеушіге жүктеледі.

Жол қорына бензин мен дизель отынынан алынатын алымдардың ұсталуы, толықтығы және уақтылы аударылуы үшін жауапкершілік өндірушілерге жүктеледі.

2. Жол қорына мерзімінде төленбеген төлемдердің сомалары, соның ішінде ағымдағы төлемдер төлеушілерден әрбір өткізіліп алынған күн үшін (төлеу күнін қоса) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі сол сомаларды төлейтін күнге белгілеген қайта қаржыландырудың ресми ставкасының 1,2 еселенген мөлшерінде өсім есептеле отырып өндіріліп алынады.

3. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін орындайтын басқа ұйымдар заңдарда белгіленген бірінші кезекті төлемдерден кейін төлеушілердің жол қорына төлемдерін төлеуге төлемдік тапсырмаларын олардың есеп айырысу және басқа шоттарынан екінші кезекте орындауға міндетті. Жол қорына төлемдердің және белгіленген мерзімде енгізілмеген өсімдерінің сомасын төлеушілерден өндіріп алуға инкассалық тапсырмалар (өкімдер) осындай тәртіппен орындалады, сондай-ақ Жол қорына қаражат енгізілуін бақылауды жүзеге асыратын органдарға Жол қорына төленетін төлемдерге байланысты мәселелер бойынша заңды тұлғалардың шоттарындағы ақша қаражатының қалдықтары мен қозғалысы туралы анықтама беруге міндетті.

Жол қорларына төлеушілердің арнайы шоттарына келіп түскен қаражатының уақтылы салынбағаны үшін банктер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

4. Жол қорына қаражаттың толық, дұрыс және уақтылы енгізілуіне бақылау жасауды салық қызметі органдары жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 8-бап өзгертілді және толықтырылды - Қазақстан Республикасының 1998.06.08. N 231 Заңымен. Z980231_

9-бап. Осы Жарлықты жүзеге асыру шаралары туралы

және күшіне енгізу тәртібі туралы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылғы 1 қаңтарға дейін:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес келтірсін;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық атқарушы органдарының осы Жарлыққа қайшы келетін нормативтік актілері мен нұсқаулықтарының қайта қаралуын, күштерінің жойылуын қамтамасыз етсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Жол қоры туралы" 1991 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 633-құжат; 1992 ж., N 13-14, 343-құжат; 1993 ж., N 1,17-құжат);

"Жол қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1991 ж., N 52, 634-құжат).

3. Осы Жарлық 1996 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті